

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің бракераждық комиссия отырысының

№ 5 ХАТТАМАСЫ

Қатысқаны –

Күні: 19.12.2024

Комиссия төрағасы: Мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаев

Комиссия мүшелері: М.Аралбаев – қамқоршылық кеңесінің мүшесі;

Ғ.Илькибаев - қамқоршылық кеңес мүшесі;

Н.Дүйсебекова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Г.Киымов – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

У.Маденова-бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары;

М.Абдуллаева - мектеп әлеуметтік педагогі;

З.Абасилова - мектеп медбикесі;

О.Жұмашұлы – ата-аналар комитетінің мүшесі;

Г.Танибаева-шаруашылық меңгерушісі

Н.Нурышбекова - ата-ана

С. Мырзатаев –ата-ана

Күн тәртібінде:

1. Асхана қызметкерлерінің еңбек жағдайы және жеке гигиена қағидаларының сақталуы.

2. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76 бұйрығында көрсетілген тиым салынған тағам түрлерінің қолданбауы.

Ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыруын қадағалау.

Тыңдалды:

Бірінші кезеңде медбике Абасилова Зухра асханада 3 аспазшы және 5 ыдыс жуушы қызмет атқаратынын айтты. Асхана қызметкерлерінің еңбек жағдайын және жеке гигиена қағидаларын сақталуына жағдай жасалған, қызметкерлердің киімдеріне арналған орын қарастырылған, екі шкаф орнатылған, бір шкаф сыртқы киімдеріне арналған, екінші шкафта арнайы киімдері орналасқан. Арнайы киімдері қызметкерлерге жеткілікті, жұмыс басталу алдында жұмыс киімдерін киіп, шаптарын ормалдың астына жинайды, зергерлік бұйымдар, сағаттар пайдаланбайды, тырнақтары қысқа қиылған және лакпен боялмаған. Қол жуу үшін ыстық және салқын су өткізілген қол жуатын раковина және құрғатуға арналған электрқептіргіш орнатылған. Жуу құралдары жеткілікті, қолды өңдеуге антисептигі бар дозатор орнатылған. Жеке бас гигиенасы ережелерін сақтамау көбінесе тамақтан улану жағдайларының көп болуына себеп болады. Сондықтан асхана қызметкерлердің санитарлық нормаларды сақтауын және тағам дайындау процесіне жауапты болуын қамтамасыз ету үшін тұрақты бақылау орнатылған.

Екінші кезеңде бас аспазш Тажиева Салтанат сөз алды. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76 бұйрығында көрсетілген тиым салынған тағам түрлерінің

дайындауға және пайдалануға болмайтындығы туралы мектеп директорының бұйрығы бар екені айтып өтті. Бұйрыққа сәйкес мектеп-лицейде тиым салынған тағам түрлерін пайдалануға жол берілмейді.

Күн сайын аспазшылар ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдырып отыратындығын айтты. Сынамаларды қақпағы бар таза шыны ыдысқа іріктейді. Іріктелген тәуліктік сынамалар кемінде 48 сағат арнайы тоназыту жабдығында немесе +2С -+6С температурада дайын тамақ өнімдерін сақтауға арналған тоназытқыш жабдығының арнайы бөлінген орнында сақталады, 48 сағат өткеннен кейін тәуліктікі сынама тамақ қалдықтарына тасталады.

Шешім етті:

1. Асхана қызметкерлерінің еңбек жағдайы және жеке гигиена қағидаларын сақтау күнделікті бақылауға алынсын.
 2. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76 бұйрығында көрсетілген тиым салынған тағам түрлерін қолданбау қатаң бақылауға алынсын.
- Ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамалары мерзімінде алынып отырылсын.

Комиссияның қолдары:

Мектеп-лицей директоры

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары

Мектеп әлеуметтік педагогы

Мектеп медбикесі

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Ата-аналар кеңесінің мүшесі

Шаруашылық меңгерушісі

Ата-ана

Ата-ана

Б.С.Тумурзаев

Н.Дуйсебекова

Г.Жиымов

У.Маденова

М.Абдуллаева

З.Абасилова

М.Аралбаев

Г.Илькибаев

О.Жұмашұлы

Г.Танибаева

Н.Нурышбекова

С. Мырзатаев